



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық Банк Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері бойынша  
ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға өтінім қабылдауды жалғастырады

2023 жыл, 7 ақпан

Астана қ.

Ұлттық Банк «Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері. Жаңа экономикалық шынайылықтың сыйн-қатерлері» ғылыми-практикалық конференциясына қатысуға өтінім қабылдауды жалғастырады. Конференция **2023 жылғы сәуір айының үшінші он күндігінде Алматы қаласында** өтеді.

Іс-шара бағдарламасында келесі тақырыптық бағыттар бойынша баяндамалар мен талқылаулар қамтылады:

- **Ақша-кредит саясатының ұзақ мерзімді стратегиясы:**
  - Қазақстан экономикасы үшін инфляция бойынша оңтайлы мақсат
  - инфляция бойынша мақсатты қалыптастырудың оңтайлы сипаттамалары
- **Жаңандық үрдістер және олардың Қазақстандағы инфляциялық процестерге әсері**
- **Қазақстандағы ішкі инфляцияның сипаты және оның факторлары;**
- **Макроэкономикалық үйлестіру: Қазақстандағы ақша-кредит, фискалдық және макропруденциалдық саясаттардың өзара әрекеттесуі**

Конференцияда Ұлттық Банктің, халықаралық ұйымдардың және академиялық қоғамдастырылған ақша-кредит саясатының өзекті мәселелері бойынша жүргізген зерттеу нәтижелері ұсынылады.

Ұлттық Банк **жоғары оқу орындары** (профессорлық-оқытушылық құрам, докторантуралар, магистратуралар студенттері) мен зерттеу орталықтарының зерттеушілерін Конференцияға қатысуға шақырады. Қызығушылық танытқан жағдайда **2023 жылдың 30 наурызына** дейін өтінімді (1-Қосымша) зерттеу жұмысымен бірге [akerke.kulshanova@nationalbank.kz](mailto:akerke.kulshanova@nationalbank.kz) электронды пошта мекенжайына «Конференцияға қатысуға өтінім» деген белгімен жіберуді сұрайды. Қаралымға аяқталған және жұмыс барысындағы зерттеулерді жіберуге болады. Конференцияда баяндама жасау үшін таңдалған авторларға алдын ала хабар беріледі.

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

**1-Қосымша**

«Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері.  
Жаңа экономикалық шынайылықтың сын-қатерлері»  
тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға берілетін өтінім  
формасы.

<b>Тегі, аты, әкесінің аты</b>	
<b>Жоғары оқу орны немесе зерттеу орталығы</b>	
<b>Қатысушының статусы (оқытушы, магистрант, докторант, зерттеуші)</b>	
<b>Зерттеу тақырыбы</b>	
<b>Байланыс телефоны</b>	
<b>E-mail</b>	